



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№372 02.09.2022

Орал қаласы

г.Уральск

Тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы бұйрығы, Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп асханасында оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында тамақтану кестесі, асханада кезекшілік ұйымдастыру, бракераж комиссиясының жұмысын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Ташимоваға жүктелсін.
2. Бастауыш сынып оқушыларының тегін тамақтануын қамтамасыз ету, тамақтану кестесін жасау 1-4 сынып оқушыларын тамақтандыруды есепке алу әлеуметтік педагог С.Т.Газиеваға жүктелсін.
3. Жекелеген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі әлеуметтік педагог С.Т.Газиеваға жүктелсін.
4. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында ата-аналар, қоғамның өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін. Бракераж комиссиясының құрамы бекітілсін.
5. Әр айдың 5-не мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебін Орал қаласының білім беру бөлімінің тәрбие секторына тапсырылсын.
6. Интернет ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру барысы туралы мәлімет, акт, мәзір, анықтамалар берілсін.
7. Күн сайын ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
8. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (ғаздалған суындар, фасууд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының

Е.Ж.Темірғалиев

Бұйрықпен таныстым:

